

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 320 - 323

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕМЕС МАҚСАТТАҒЫ ЖЕРЛЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ЖЕР БӨЛІП БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Мырза Е.

Қазақстан Республикасында, көлік құралдары шаруашылықтың ең ірі салаларының бірі, сонымен қатар өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ал көлік құралдары жол желісі арқылы елдің барлық аудандарын біріктіріп, оның аумақтық тұтастығын, экономикалық кеңістік бірлігін сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар олар еліміздің сыртқы экономикалық байланыстарын қамтамасыз етудің және оның жаһандық экономикалық жүйеге кіруінің материалдық негізі бола отырып, елді әлемдік қоғамдастықпен байланыстырады.

Көлік құралдарының желілік объектісінің бірі, яғни жол торабын салу ең аз күрделі шығындарды, табиғи ландшафттардың экологиялық бұзылмауын ескере отырып, заңды негізде жүргізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы жерлерінің құқықтық режимі ҚР Президентінің қаулысымен қабылданған 1995 жыл 22 желтоқсандағы «Жер туралы», 2001 жыл 24 қаңтардағы «Жер туралы» заңдары негізінде реттелді, ал қазіргі уақытта 2003 жыл 20 маусымдағы ҚР «Жер кодексі» бойынша реттеліп келеді.

ҚР-ның Жер кодексі бойынша ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге өнеркәсіп жері, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер жатқызылады[2].

Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы салаларына қарағанда, халық шаруашылығының ауылшаруашылық емес салаларында жердің ұтымды пайдалануы өндіріс құралдарын барынша құнарлығы төмен жер учаскелерінде орналастырумен сипатталады. Ауылшаруашылық емес жер пайдаланушылықтардың көлемін минимизациялауға ұмтылу, ауыл шаруашылығының жерге деген приоритетінің принципімен себептеледі[3,6].

Жер қорларын ұтымды және тиімді пайдалану халық шаруашылықтық маңызды мәселе. Қазақстан, аумағы бойынша Азияда үшінші, ТМД елдері арасында екінші, әлем бойынша тоғызыншы орынды алатын, он табиғи – ауыл шаруашылығы аймақтарын қамтитын 272,5 млн. гектар аумақты алып



жатыр. Қарастырылып отырған ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жердің жалпы ауданы тәуелсіздік алған жылдары 18796,8 мың гектарды құраса, 2019 жылғы 1 қарашадағы мәлімет бойынша 2 231,7 мың гектарды құрады. Оның ішінде өндірістік жерлер 1200,3 мың га (51,8%), автомобиль көлігі жерлері-313,9 мың га (13,5%), теміржол көлігі-197,7 мың га (8,5%), байланыс-17,1 мың га (0,7%), басқа ауылшаруашылық емес кәсіпорындардың жерлері - 588,7 мың га (25,4%)[5].

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері үшін арналған және өзге де ауылшаруашылық емес мақсаттар жерлерінің құрылымы, аумағының өзгеру динамикасы - 1-кестеде мақсатына сәйкес ұсынылған.

1 – кесте. Ауылшаруашылық емес мақсаттар жерлердің 1991-2019 жылдар аралығындағы динамикасы, мың га

Жер құрамы	1991 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Өрістер (+, -)	
				1991-2019 ж.ж.	2018-2019ж.ж.
1. Өнеркәсіп жерлері	475,6	1127,6	1200,3	+724,7	+72,7
2. Теміржол көлігінің жерлері	285,5	196,7	197,7	-87,8	+1,0
3. Автомобиль көлігінің жерлері	278,3	309,7	313,9	+35,6	+4,2
4. Байланыс жерлері	-	16,3	17,1	+17,1	+0,8
5. Басқа а.ш. емес кәсіпорындар жерлері	17757,4	594,3	588,7	-17168,7	-5,6
Барлығы:	18796,8	2244,6	2317,7	-16479,1	+73,1

Тәуелсіздік алған жылдарға қарағанда осы мақсаттағы жерлердің жалпы ауданы – 16 479,1 мың гектарға қысқарған. 2018 жылға қарағанда 2019 жылы осы санаттағы жер учаскелері бойынша тұрақты өсу тенденциясы байқалады. Ағымдағы жылы республикада осы мақсаттағы жерлер көлемі 73,1 мың гектарға ұлғайған.



Сурет 1. Ауылшаруашылық емес мақсаттар жерлердің үлес салмағы, %

Республиканың барлық аймақтарында теміржол көлігі, автомобиль көлігі, байланыс және басқа ауылшаруашылық емес кәсіпорындарға арналған жерлер бар. Төмендегі 2 кестеде көрсетілгендей автожол құрылысына арналған жер учаскелері ағымдағы жылмен салыстырғанда Ақмола облысында 34,2 мың гектарға, Маңғыстау облысында 9,6 мың гектарға дейін ұлғайған.

2 – кесте. Ауылшаруашылық емес мақсаттар жерлердің 2019 жылғы 1 қарашадағы жағдайы

Облыс атауы	Жалпы жер	Өнер кәсіп жерлері	Темір жол жері	Автомо биль жолы жері	Байланыс жерлері	Басқа да а.ш. емес жерлер
Ақмола	136,1	24,6	29,4	34,2	2,0	45,9
Ақтөбе	192,7	99,1	19,4	15,6	0,4	58,2
Алматы	252,2	14,4	19,8	27,8	1,5	188,7
Атырау	220,5	195,1	4,7	11,8	0,5	8,4
Ш-Қазақстан	144,8	54,1	13,9	33,2	1,1	42,5
Жамбыл	174,7	43,8	13,5	19,8	1,8	95,8
Б-Қазақстан	41,6	12,4	4,1	19,7	0,5	4,9
Қарағанды	214,5	134,8	25,9	31,7	5,5	16,6
Қызылорда	253,0	180,7	15,1	30,1	1,2	25,9
Қостанай	131,3	87,9	17,3	18,1	0,4	7,6
Маңғыстау	251,9	205,4	6,3	9,6	0,1	30,5
Павлодар	130,6	75,6	12,9	20,2	1,3	20,6
С-Қазақстан	72,1	18,2	9,9	26,3	0,2	17,5
Түркістан	101,7	54,2	5,5	15,8	0,6	25,6
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Нур-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-
Барлығы:	2 317,7	1 200,3	197,7	313,9	17,1	588,7

Басқа ауылшаруашылық емес кәсіпорындардың жерлері осы санаттағы барлық жерлердің 25,4% құрайды. Облыстар бойынша ең үлкен аудандар - Алматы облысында, 188,7 мың га және Жамбыл облысында, 95,8 мың га. Ең аз жер аудандары Атырауда 8,4 мың га, Қостанайда 7,6 мың га және Батыс Қазақстанда 4,9 мың га құрайды.

Дегенмен, жалпы қазіргі уақытта елдің жол желісі қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктеріне толық сәйкес келмейді. Бұл жол желісін сақтау мен дамытуға арналған шаралардың орындалу қарқыны автокөлік құралдарының өсу қарқынынан едәуір төмен болуымен байланысты. Кейбір ірі қалалар арасын қосатын немесе елді мекендерге кіреберістердегі автомобиль жолдарының едәуір бөлігі өткізу қабілетін

таусып, шамадан тыс жүктеме режимінде жұмыс істеуде. Жол желісін дамытуға арналған шаралардың тиімділігі едәуір дәрежеде автожолдарды салу және қайта жаңарту үшін жер бөліп беру міндетінің орындалуы арқылы шешіледі.

Жол торабы объектілеріне жер бөліп беру кезінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаның ластанудан қорғалуы қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мәселелерді зерттеп, шешімін ұйымдастыру біздің әрі қарайғы зерттеулеріміздің тақырыбы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы (30.08.1995 жыл.)
2. ҚР Жер кодексі – Астана, 20 маусым 2003 жыл (өзгертулер және толықтыру-лармен)
3. Қырықбаев Ж.Қ., Жаманқұлова Б.Г., Ауылшаруашылық емес нысанаға жер бөліп беру - Астана 2014 жыл.
4. Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2018 год.
5. Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2019 год.
6. India struggles to control rising vehicle use, pollution /Environment/ Ecology/ Thomson Reuters Foundation
[<http://sustainability.thomsonreuters.com/2013/12/20/india-strugglescontrol-rising-vehicle-use-pollution/>]